

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Аягөз қалалық № 2 Бебекжай-балабақша» КМҚК.

«Бұлдіршін» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: қыргүйек айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

Қыргүйек	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> - негізгі қымыл түрлерін жетілдіру: жұру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-тендік сақтау; - жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қымылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; - салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. <p>Жұру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жұру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жұру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде түсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұту және ашу.</p> <p>Қымылды ойындар.</p> <p>Балаларды ересектермен бірге қымылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қымылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қымылдарды (жұру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қымылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (коян сияқты секіру; аю сияқты қорбандал жұру).</p>
----------	----------------	--

Сөйлеуді дамыту

- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;
- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;
- қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;
- кітаптарға қызығушылықты дамыту;
- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;
- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салтдәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.

Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.

Сөздік қорды қалыптастыру.

Балалардың сөздік қорын:

ойыншық, киім, аяқиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен;

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.

Байланыстырып сөйлеу.

Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз

Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; - дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; - кітаптарға қызығушылықты дамыту; - пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салтдәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. <p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оку.</p>
Сенсорика	<ul style="list-style-type: none"> - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; - қоршаган ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту; - түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; - затгарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. <p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p>

Коршаған ортамен таныстыру

- қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;
- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;
- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндыштықтарды қалыптастыру;
- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;
- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;
- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;
- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қаралайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындаудау, оларды сипамаудау; өсімдіктерді аузына алмаудау және жұлмаудау).
- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.

Бала, оның отбасы, үйі.

«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.

Табиғат әлемі.

Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Коршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері

бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.

	<p>Құрастыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> - материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету; - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; - құрылым материалдарынан құрастыруға баулу; - өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру. <p>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылым материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру.</p>
	<p>Сурет салу</p>	<ul style="list-style-type: none"> - бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; - заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; - өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру. <p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.</p>

Мүсіндеу

- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;

- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге баулу;
- өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру.

Балалардың сазбалышық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалышықты дұрыс қолдануды жетілдіру.

Жапсыру

- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;

- желімсіз жапсыру техникасын игеру;
- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге баулу;
- өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру.

Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.

Музыка

- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;
- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;
- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу;

Музыка тындау.

Музыканы тындауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тындау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.

Ән айту.

Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен бұындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылышының дыбысталуына еліктеі отырып, ересекпен қосылып ән айту.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.